

Жария сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Майский ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 5 маусымдағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19 бабына, 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабына сәйкес Майский ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ шектеулі жер пайдалану құқығы (жария сервитут) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Майский ауылдық округінің, Майское ауылы мекенжайында бойынша орналасқан эскиздік жобаға сәйкес жалпы ауданы 20,000 гектар жер учаскесіне су бұру жүйесін қайта жаңарту үшін берілсін.

2. "Майский ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) Осы шешімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) Осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланғаннан кейін "Майский ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің интернет – ресурсында орналастыруды.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы Майский ауылдық округі

Л. Янкова